

# Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 18 (929) 28 сәуір 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha\_tan@list.ru

## 1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ҮШІН БІРЛІК КҮНІ

1 мамыр – жарқын, шуақты, мерейлі мерекелердің бірі. Бұл күн әлемнің әр елінде әртүрлі тойланады. Ең үлкен мереке – Еңбеккерлердің халықаралық ынтымақтастық күні. Қазақстандағы бірлік күнінің мәні де осыдан шығады.

Еңбек пен көктем мерекесі Кеңес одағында айтулы мерекелердің бірі болған. Кеңес адамдары сүйіп қарсы алатын жылы, шуақты күндердің бірі еді.

Еңбек мерекесінің тарихы 1886 жылдан басталады. Сол жылы 1 мамыр күні Чикаго қаласында Америка жұмысшылары жаппай ереуілге шықты. Жұмыстың қиындығынан әбден қажыған азаматтар бірнеше күн ереуілде жүрді. Олар жұмыс уақытын 12 сағат емес, 8 сағат болуын талап етті. Полиция қызметкерлері мен ереуілшілердің арасында қанды қақтығыс болып, жергілікті газеттердің деректеріне қарағанда, 50 адам көз жұмған. Құқық қорғау органдары жұмысшыларды басып шаншып, ереуілді тоқтатқандай болды. Бұл күн АҚШ тарихында таңба болып қалды.

Кейін екі жылдан кейін, 1889 жылы Париж конференциясында Екінші интернационал басшылары бұл күнді мереке деп танып, жұмысшылардың ереуілге шығып, талап қоятын күні деп бекітті.

Еңбеккерлердің халықаралық ынтымақтастық мерекесі алғаш рет 1890 жылы Аустра-Венгрия, Бельгия, Германия, Дания, Испания, Италия, АҚШ, Норвегия, Франция, Швеция елдерінде аталып өтілді.

Ал КСРО-да 1917 жылы өткен төңкерістерден кейін, билік басына жұмысшылар табы келіп, 1 мамырды мереке деп бекітті. Ал 10 жылдан кейін 1 мамырға демалыс берілді.

Айта кеткен жөн, 1 мамыр күні өтетін жұмысшылардың ереуілі Патшалы Ресей кезінде де болған. Олар да жұмыстың қиындығы мен ауырлығына шағымданатын. Кейбір өндіріс орындарында 100 адамға дейін жиналып, полициямен қақтығысқан.

Кеңес кезінде еңбек пен жұмыс культке айналғандықтан, 1 мамыр кеңес адамдары үшін үлкен мәні мен маңызы бар мерекеге ұласты. Бірінші мамырды жақсылыққа балап, көп күтетін.

Мерекенің танымал болғаны соншалық – балаларға «Первомай» деп ат қойылып, елдімекендерге «Первомай» деп атау берілді. «Первомай» деген елдімекен, ауыл атауын бәріміз естіген болармыз. Сол жылдары сәбилерге Даздраперма деген есім жиі қойылған. «Да здравствует первое мая» тіркесінің қысқаша нұсқасы, яғни, «Бірінші мамыр жасасын» дегенді білдіреді.

КСРО құлағаннан кейін бұл мереке Ресейде Еңбек пен көктем күні деп өзгертілді. 1992 жылдан басталған жаңа мереке Ресейде әлі тойланады.

1 мамыр мерекесінің тууына АҚШ елі мұрындық болғанымен, қазір бұл мереке бұл мемлекетте жоқ. Жұмысшылардың кәсіби мерекесі бар, ол қыркүйек айының алғашқы дүйсенбісіне қойылған.

Әлемнің 142 мемлекеті 1 мамырды жұмысшылар күні деп атап өтеді. Олардың арасында Африка елдері де бар: Зимбабве, Замбия, Нигерия. Басында әлем елдерінде 1 мамыр жұмысшылардың төңкерісі, таптық бөлініс, таптық күрес ұғымдарымен мәндес болатын.

Кейін келе ауыл шаруашылық пен өндіріс, ғылым саласындағы жетістіктерді таныстыратын мерекеге, ал қазір табыс пен еңбектің шуақты белгісіне айналды.

1 мамыр жайлы басқа да қызықты деректер жетерлік. Мәселен, 1 мамыр – Гавай аралдарында Ұлттық би күні. Ал Парижде Инжүгүл мерекесі.

massaget.kz

1 - МАМЫР - ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ!



1 МАЯ - ДЕНЬ ЕДИНСТВА НАРОДА КАЗАХСТАНА!

## ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барлық қиындықтарды еңсеру және алға қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін қоғамдағы келісім мен тұрақтылыққа, өзара қолдау мен жасампаздық еңбекке ерекше назар аударады.

Бұл мереке көктемгі күннің шуағы мен жылылығына орандырып, жанды жадыратады және күш-қуат сыйлайды. Қазақстан халқының бірлігі күні – еліміздің және туған өлкеміздің игілігі үшін адал еңбек етіп жатқандарға алғыс айту үшін берілген тағы бір мүмкіндік.

Облысымыздың құрылуына бірнеше буынның еңбегі сіңді. Біздің өңірдің қол жеткізген барлық жетістіктері Солтүстік Қазақстан облысында тұрып жатқан әртүрлі этнос өкілдерінің ынтымақтастығы, достығы мен

бірлігінің арқасында мүмкін болып отыр. Солтүстік Қазақстанның мақтан тұтатын табыстарының барлығы – оның тұрғындарының күш-жігерінің нәтижесі. Бізді алдымызда үлкен істер күтіп тұр. Өнеркәсіп өндірісінде, ауыл шаруашылығында, көлік инфрақұрылымында, тұрғын үй құрылысында ірі жобаларды жүзеге асыруға тиіспіз.

Біз барлық бағыттар бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізуді мақсат етеміз, бұл Солтүстік Қазақстан облысында өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

**Қымбатты жерлестер!**

Мереке алдағы еңбекке сергектік пен өмірге сенімділік қуатын беретін достарыңызбен және туған-туысқандарыңызбен кездесу қуанышына толы болсын. Сіздерге бақыт, денсаулық, игілік және барлық жоспарларыңыз бен бастамаларыңыздың орындалуын тілеймін!

Айдарбек САПАРОВ, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

## ҚЫМБАТТЫ ТАЙЫНШАЛЫҚТАР! ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Сіздерді ең негізгі және бірегей мейрамдардың бірі – Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Татулығымыз бен үмітімізді бейнелейтін ол көпұлтты халқымыздың тамаша дәстүріне, оның отаншылдығының айшықты айғағына айналды.

Еліміз ешкімді ұлттық нышаны бойынша бөлмей, әрбір ұлт пен ұлыстың тілін, әдет-ғұрпын құрметтей отырып, бүкіл дүниежүзілік қоғамдастыққа достық пен бірліктің шынайы ғибратын паш етуде. Нәтижесінде азаматтардың әл-ауқатын жақсартып, ел экономикасын жоғары қарқынмен дамытуға мүмкіндік алды.

Жүзден астам ұлт пен ұлыстың өкілдері қасиетті жерімізді өздерінің Отаны деп санайды және біздегі татулық пен келісімді мақтан тұтады.

Мемлекетіміздің саяси бағыты және Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі барлық этностың өкілдері өздерінің мәдениетін дамытуға, ана тілін, дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтауға тең

құқылы болуына бағытталған.

Бүгінгі таңда Қазақстанның бүкіл халқы жаңғырту, инновациялық индустрияландыру және болашаққа технологиялық ұмтылыс идеясының төңірегіне топтасқан.

Елімізде салтанат құрған бірлікті сақтау, дінаралық келісім мен татулықты нығайту ісіне өз үлесімізді қосу – әрқайсымыздың парызымыз. Еліміздің Тәуелсіздігін нығайту жолында бірлескен еңбекпен еңсермейтін ештеңе жоқ.

Қымбатты жерлестер! Халқымыздың күш-қуаты – бірлікте! Қазақстанның тәуелсіздігі елдегі барлық этностың жалпы мәдени және рухани құндылықтарымен бекіген және бұл заңды түрде жалпыұлттық игілігіміз болып табылады.

Сіздерді халқымыздың достығы мен бірлігінің ұлы мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге мерекелік көңіл-күй, мықты денсаулық, барлық істеріңізге табыс, жақындарыңызға амандық-саулық, ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасының өркендеуін тілеймін!

Берік ӘЛЖАНОВ, Тайынша ауданының әкімі.

# МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫН ЖОЮҒА ҚАТЫСҚАН АДАМДАРМЕН КЕЗДЕСТІ



1986 жылғы 26 сәуірде адамзат тарихында қорқынышты апат болды. Бұл күн – біздің адам өмірінің ықтимал зардаптары, өмірін қауіп-қатерге тіккен, әлемді радиоактивті апаттан құтқарған адамдарға төленбейтін қарыз туралы ойлануымызға жетелейді. Апаттың алдын алу үшін батыл да жауапты, ел мен халқына адал, адамгершілік қасиеттері мол адамдар жіберілді. Апат туралы естелік біздің халқымыздың есінде мықты сақталады. Чернобыль апатын жоюшылары ешқашан ұмытылмайды. Күн сайын бұл адамдардың азайып бара жатқанын біз үшін қасіретті жағдай. Біз олардың бәрін ұмытпауымыз керек.

26 сәуір күні еліміздің барлық өңірлерінде радиациялық апаттар мен апаттардың зардаптарын жоюға ат салысып, қаза тапқан азаматтарды еске алу күні өтеді. Жылдағы дәстүр бойынша биыл Тайынша аудандық кітапханасының оқу залында аудандық кітапхана ардагерлер кеңесімен бірлесіп ұйымдастырған «Болашақ үшін есте сақта» атты кездесу кеші өтті. Кездесуге тайыншалықтар, Чернобыль апатын жоюға көмек көрсеткен азаматтар қатысты. Олардың қатарында Ким А. В., Магомедов И. И., Данияров К.Ш., Виговский В.И., Шаповалов С.Н., Петрухин В.Н., Скуржинский Н. Л. бар.

Аудан әкімінің орынбасары Гүлбаршын Батенова іс-шараны ашып, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Анатолий Рафальский, АМАНАТ партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Мереке Хамзин сөз сөйледі.

Кеш жүргізушілері Б.Өтелбаева және С.Байменова Чернобыль трагедиясы туралы айтып берді. Чернобыль апатын жоюға қатысқандар кездесу барысында өз естеліктерімен бөлісе отырып, оқушылардың қойған сұрақтарына жауап берді. Оқушылар бұл кездесуден үлкен әсер алды, ұйымдастырушылардың, кездесу қонақтарының әңгіме-сұхбаттарынан отансүйгіштік, адамгершілік туралы танымдары жетіле түсері сөзсіз.

Тарихқа көз жүгіртсек, 1986-1990 жылдар аралығында ЧАЭС аймағында 800 мыңнан астам КСРО азаматтары, оның ішінде 3 мыңға жуық солтүстікқазақстандықтар жұмысқа тартылған. Егер жойғыштардың батылдығы мен жанқиярлық әрекеттері болмаса, апаттың ауқымы өлшеусіз үлкен болуы мүмкін еді. Чернобыль трагедиясы бір емес, миллиондаған адам тағдырын бастан өткерді. Бұл миллиондаған жер тұрғындарының жалпы азабы.

Кеш барысында қатысушылар «Чернобыль трагедиясы» бейнефильмін тамашалады. Көзделген

негізгі мақсат - Чернобыль апатының салдарын кейінгі ұрпаққа жеткізіп, олардың экологиялық сауаттылығын арттыру, отансүйгіштікке, табиғатты құрметтеуге және оны қорғауға деген ұмтылысқа тәрбиелеу. Түйін: «Чернобыль-болған оқиға. Чернобыль-қасірет». 20 ғасырдағы техногендік сипаттағы ең қорқынышты трагедиялардың бірі – Украинадағы Чернобыль АЭС апаты - бейбіт атом тарихында орын алған ең үлкен апат. Апат салдарынан ауыл шаруашылығы айналымынан шамамен 5 млн. га жер шығарылды, станцияның айналасына 30 шақырымдық шеттету аймағы құрылды, жүздеген ұсақ елді мекендер көмілді. Сонымен қатар адам денсаулығына келтірілген зардаптар: онкологиялық науқастар саны артты... Апаттың салдарын жоюға қатысқан адамдардың - электростанция қызметкерлерінің, өрт сөндірушілердің, тікұшақ ұшқыштарының, әскери қызметшілердің ерлігі мен батылдығы туралы жазылған кітаптардағы әңгімелер – шындық. Чернобыль АЭС-ғы апатты жоюшылардың жасаған ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы



## 2023 ЖЫЛЫ БИЗНЕСТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ «ПАРЫЗ» КОНКУРСЫ

«Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» Қазақстан Республикасы Президенті 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 523 Жарлығына сәйкес 2022 жылы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы өткізу басталғаны туралы жарияланады.

Конкурс екі кезеңде: өңірлік және республикалық деңгейде өткізіледі.

Оған жеке кәсіпкерлік субъектілері қатыса алады.

Лауреаттар атағы үш санатта беріледі:

- 1) шағын кәсіпкерлік субъектісі;
- 2) орта кәсіпкерлік субъектісі;
- 3) ірі кәсіпкерлік субъектісі.

және төрт номинация бойынша:

- 1) «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын».

Бұл номинацияда өз персоналын қолдауға, мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік бейімдеуге және жалпы қоғамның әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды (еңбек ақыны және әлеуметтік төлемдерді төлеуді, кадрларды кәсіптік даярлау мен қайта даярлау жүйесін ұйымдастыру, мүмкіндігі шектеулі адамдарды барынша көп мөлшерде жұмысқа орналастыру және тағы басқалар) іске асыратын үміткерлердің қызметі қаралады;

- 2) «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын».

Бұл номинацияда еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларын жасайтын үміткерлердің қызметі қаралады.

- 3) «Үздік ұжымдық шарт».

Бұл номинацияда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын және нығайтатын ұжымдық шарттар қаралады.

- 4) «Экологияға қосқан үлесі үшін».

Бұл номинацияда қоршаған ортаның жағдайын жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау (экологиялық) бағдарламаларын іске асыруда ерекше көзге түскен үміткерлердің қызметі қаралады.

Конкурста «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы» арнайы сыйлығы бекітіледі.

Бұл арнайы сыйлықта бизнес іске асыратын, халықтың әлеуметтік осал және аз қамтылған топтарының жұмыспен қамтылуына және (немесе) тұрмыс жағдайларын жақсартуға ықпал ететін әлеуметтік жобалар қарастырылады.

Үміткерлер конкурсқа қатысуға үшін материалды бір данада тапсырады, олар:

- 1) толтырылған өтінімді;
- 2) үміткердің өз қызметіне және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша нақты нәтижелеріне жасаған бағасының деңгейін көрсететін есебі. Үміткердің есебіне мыналар кіреді: заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның тарихы; ұйымдық құрылым; өзге де қосымша ақпаратты;
- 3) есепке қосымшаны (ұжымдық шарттың көшірмесі және өзге де құжаттар).
- 4) сауалнаманы қамтиды.

Аудандар және қала жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдайды.

Үміткерлер материалдарды «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 523 Жарлығымен бекітілген Конкурс өткізу ережелеріне сәйкес ресімдейді және жергілікті атқарушы органдарға қағаз және электрондық жеткізгіштерде ұсынады.

Конкурсқа қатысуға:

- 1) қызметін кемінде үш жыл жүзеге асыратын;
- 2) таратылусатысында тұрмаған, банкрот дептанылмаған;
- 3) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының жойылмаған бұзушылықтары, оның ішінде қызметкерлерге жалақы және басқа да төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ;
- 4) қызметкерлер мен ұжымдық еңбек даулары жоқ;
- 5) жарғылық капиталдарындағы мемлекеттің қатысу үлесі 50 пайыздан аспайтын акциялар;
- 6) конкурсқа қатысуға өтінімінде дәйекті мәліметтерді көрсеткен, сондай-ақ құжаттарды толық көлемде ұсынған үміткерлер жіберіледі.

**Бизнес субъектілері әлеуметтік - еңбек қатынастарында өздерінің оң тәжірибесін көрсете отырып, қатысу үшін аудандар мен Петропавл қаласының жұмыспен қамту органдарына жүгіне алады.**

Үміткерлер барлық қажетті материалдарды жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына немесе аудандық (қалалық) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне ұсына алады.

**2023 жылғы 1 маусым күні конкурсқа қатысуға өтінімдер ұсыну мерзімі аяқталады.**

**Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы.**

## ӨҢІРДІ КӨГАЛДАНДЫРУ – БАРШАҒА ОРТАҚ ІС

Көктемгі маусымның басталуымен аумақты абаттандыру - барлық ауылдық елді-мекендер үшін маңызды шаралардың біріне айналды. Қар еріп, көк шығу сияқты тамаша көрініспен қатар жағымсыз тұстар да байқалады. Атап айтсақ, қар астынан пластикалық және шыны бөтелкелер, азық-түлік пакеттері, целлофан пакеттері және басқа да қоқыстар шыға бастады. Тазалықты ту етіп, күрек пен тырманы қолға алу – аудан тұрғындары үшін игі дәстүрге айналғандай. Өңірдің сәні – тазалық. Жүрген ортамыз таза болып, қала мен ауылдарымыздың жасыл желек жамылған жерлері күн санап көбейіп жатса, әрине, ол өте қуанышты жағдай. Елді-мекендердің санитарлық тазалығы бойынша атқарылған іс-шаралармен қатар, келеңсіз жағдайлар газет бетінде әшкереленіп, жазылатынын ескертеміз! Көгалдандыруға байланысты жалпы аудан тұрғындары еңбек белсенділігін көрсетеді деген сенімдеміз. Осы бағытта сенбіліктер ұйымдастырып, қала, аудан бойынша жұмыстар атқарылып жатса, әрине, қоршаған ортамыз таза да сәнді болары сөзсіз! Дегенмен, әлі де болса, қала шеттері мен жекеленген жеке меншік үйлердің жанында қолға алар жұмыстар баршылық. Сондықтан, әрбіреуіміз өзіміз тұрып жатқан өңіріміздің тазалығына көңіл бөлейік. Қала орталығында орналасқан балалардың демалыс орнына да жанашырлықпен қарап, жүрген жеріміздің тазалығына ерекше көңіл аудару қажет. Адам - табиғаттың ажырамас бөлігі. Табиғат пен адам қатар ұғым. Адамсыз табиғат, табиғатсыз адам өмір сүруі мүмкін емес. Адам табиғатты қасиет тұтуы керек. Табиғат тіршіліктің құт - берекесі. Табиғатты қорғау міндетіміз. Қазіргі кезде экология мәселесі нашарлап кетті. Табиғатты қорғау, сақтау қазіргі жастардың қолында. Адам табиғаттың патшасы деген ұғым бар. Сондықтан табиғат адам үшін асыл ана. Өйткені адам баласы табиғаттың тіршілігінде өсіп-өніп, жетілген. Табиғат - ырыздықтың, ырыс пен мол қазынасының қайнар көзі, адам денсаулығының сенімді сақинасы. Қазіргі табиғаттың ластануы үлкен - мәселе. Табиғат-сөз жетпес сұлулық, баға жетпес қазына, көз тоймайтын әсемдік екенін, бір сәтке де есімізден шығармайық!

 Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

## АУДАН ӘКІМІ ХАЛЫҚ АРАСЫНДА

\*Әкім бол, халқыңа жақын бол!

Түйіні шешілмеген мәселелер қашанда болады. Ол мәселелер бірден шешілмесе де кез келген аудан әкімінің, сол мәселелерге қатысты басшылардың бақылауында болады. Мемлекеттің қарқынды дамуы үшін әр өңір белгілі бір талап үдесінен шыға білуі тиіс. Бұл еліміздің түрлі деңгейдегі әкімдерінің, яғни жергілікті билік органдарының біліктілігі мен олардың атқарып отырған жұмыстарының жүйелілігімен өлшенетіні сөзсіз. Соңғы уақытта жыл сайынғы дәстүрге айналған әкімдердің халық алдындағы есеп беруі – осы мақсатты көздейді. Өткен жылдары әлемді тегістей жайлаған дағдарыс толқынының күш алуы-кез келген мақсатты жұмыс жоспарларының орындалуына әбден кедергі болғаны, шындық. Қай еңбек саласында болмасын еңбек қарқыны төмендеп кетті. Сол бір елге төнген қатерден кейін жұмыс орындары мен жалақы мөлшері қысқарып, халықтың төлем қабілеттілігі азайды, шағын және орта бизнес нысандарының өнімдері мен қызметтеріне деген сұраныс күрт азайды. Аудан әкімі халық арасында болған уақыттарда бұл мәселелерді өз бақылауында ұстайтындығын және олардың шешілуін үнемі қадағалап отыратындығын жеткізді. Әрине, көптің көңілін табу оңай емес. Тайынша ауданының жалпы әлеуметтік-экономикалық жағынан алсақ, жылдан жылға қарқынды дамып келеді. Осыған байланысты мәселелер де күн сайын туындап жатады. Өткен жылы бірқатар өзекті мәселелер шешімін тапты. Биыл да көптеген жетістіктерге жетеміз деген үміттеміз.

Міне, осындай жауапты істердің басында жүрген аудан әкімі Б.А.Әлжанов ауданның барлық округ тұрғындарымен кездесулер өткізуде. Кездесу барысында денсаулық сақтау саласы, абаттандыру мәселелері түсіп, оларға тиісті түсініктемелер беріліп, бірқатар мәселелер бақылауға алынды.

Кездесу барысында ауыл төңірегіндегі жолдарды жөндеу, жарықтандыру мәселелері сөз болды, оларға тиісті түсініктемелер беріліп, бірқатар мәселелер бақылауға алынды. Тұрғындардың бос уақытын көңілді өткізу, қоғамдық өмірге деген белсенділігін арттыру мәселелері де зерделеніп келеді. Міне, осындай ауқымды істер ортаға салынған жиында тұрғындар ерекше белсенділік көрсетіп, әлі де атқарылатын баянды жұмыстарды атап

айтқаны –еліне жанашырлықпен қарайтын азаматтардың бар екені қуантады. Осылайша қарапайым халықтың ерік-жігері ертеңгі күнге деген сенімдерінің беріктін айқындайды.

\*\*\*

Аудан әкімі жұмыс сапары барысында Алабота ауылдық округіндегі су тасқынының алдын алу жағдайын бағалады. Жергілікті атқарушы органдары ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен бірлесіп, тұрғын үйлерді судың басуына жол бермеу үшін барлық шара қабылданды. Аудан әкімі сонымен қатар қоныс аудару бағдарламасының қатысушыларымен кездесіп, ауыл тұрғындарымен маңызды мәселелерді талқылады.

\*\*\*

Тайынша ауданының ауылдарында тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Сонымен бірге сумен жабдықтау нысандарының құрылысы бойынша жұмыстар жалғасуда. Аудан әкімі Берік Әлжанов ағымдағы жұмысты бақылау мақсатында Ильичевка және Чкалов ауылдарындағы сумен жабдықтау нысандарына барды. Онда мердігер ұйымдардың өкілдерімен, жергілікті қоғамдастық мүшелерімен кездесті. Кездесу барысында өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары талқыланды. «Әрбір жоба бойынша нақты бақылау және қоғамдық мониторинг болуы тиіс», деді аудан әкімі. Кездесу қорытындысы бойынша аталған ауылдардағы жобаларды жылдың соңына дейін тапсыру жоспарлануда.

\*\*\*

Аудан әкімі Берік Әлжанов Тихоокеан ауылдық округінің Алабота, Шұңқұркөл ауылдарына, сондай-ақ Тихоокеан ауылының орталығына барып, тұрғындармен кездесті. Толғандыратын маңызды мәселелер - жолдар мен сумен жабдықтаудың жай-күйін талқылады. Б.Әлжанов сапар барысында Шұңқұркөл ауылындағы су тарату пунктіне барды. «Біздің мақсатымыз – аудан аумағындағы нормативтік жағдайдағы жолдардың жоғары үлесін қамтамасыз ету және барлық ауылды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету» екендігін айтты. Ауыл тұрғындарының барлық мәселесі аудан әкімінің жеке бақылауында.

Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ, тілші



# ӨҢІРДІ ДАМУДЫҢ БАҒЫТЫ АЙҚЫН

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Үкіметте облыстың 2025 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары қабылданғаны белгілі. Ауқымды бағдарлама аясында 1,8 трлн. теңгенің 87 іс-шарасын жүзеге асыру белгіленген. Бұл қаржының 70 пайызы – жеке инвестиция. Осылайша өңірдің даму қарқыны ұлғайып, халықтың өмір сүру сапасы жақсарады. 64 инвестициялық жоба қолға алынып, АӨК, өнеркәсіп, көлік және логистика салаларына, сондай-ақ кәсіпкерлік белсенділікті арттыруға бағытталады. “Қызылжар” арнайы-экономикалық аумағында “CLAAS” ауыл шаруашылығы техникасының өндірісі құрылды. “Jonh Deere” сервис орталығы салынады, “Ақсораң” және “Баян” вольфрам-молибден кен орындары игеріледі, жаңа өндіріс алаңдарын құру жалғасады. “Ауыл – ел бесігі” жобасы шеңберінде жаңа өңірлік стандарттарға сәйкес жолдар, ауруханалар, мектептер салынып, жөнделеді. Қалалар мен ауылдарда ұзындығы 412 шақырым сумен жабдықтау және су бұру жүйелері жаңғыртылады. Жыл сайын шамамен 2100 шақырым жол қалпына келтіріледі. Мұның өзі 2025 жылға қарай



қанағаттанарлық және жақсы жағдайдағы жолдардың үлесін 98, сумен қамтамасыз ету көрсеткішін 100 пайызға жеткізуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта облыс басшылығының алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – белгіленген жобаларды уақытылы және сапалы іске асыра отырып, әлеуметтік-экономикалық дамуға тың серпін беру. Осы мақсатқа жету үшін мемлекет тарапынан барлық қажетті қолдау көрсетілуде.

Былтыр республикалық бюджет қаражатынан 62024,9 млн. теңге бөлінді, игерілгені – 60559,4 млн. теңге. Жеке инвестиция 129,4 млрд. теңгеге орындалды.

Биыл 55 жоба іске қосылады. Оның ішінде кәсіпкерлердің үлесі айтарлықтай. Облыс аумағында 9561 кәсіпорын жұмыс істейді, олардың 9304-і – шағын, 201-і – орта, 56-ы – ірі. Бұл кәсіпорындардың 883-і құрылыс саласына тиесілі, бұл саладағы кәсіпкерлердің жалпы үлесі – 2,4 пайыз. 2022 жылы құрылыста жұмыс істейтіндердің орташа еңбекақысы 217998 теңгеден айналып, 2021 жылмен салыстырғанда 3,4 пайызға өсті.

Заман талабына сай әлеуметтік бағдары бар нарықтық экономиканы орнықтыруда шағын және орта бизнестің рөлі айрықша. Осы салаға көңіл бөлу жұмыссыздықты азайтып, жаңа жұмыс орындарын құруға айтарлықтай ықпал етері сөзсіз. Бүгінде өңірде 33 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді, олардың республикадағы үлесі – 1,8 пайыз.

Өңірде құрылыс индустриясының дамуында қарқын бар. Оның ішінде әлеуметтік объектілерді салуға, уақытылы аяқтауға басымдық беріліп отыр.

Білім беру саласында бірнеше ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Қанатқақты жоба аясында жаңа схема бойынша 50 орындық жатын корпусы бар 300 оқушыға арналған түзету мектебі, “Жайлы мектеп” ұлттық жобасына сәйкес 1800 орындық екі мектеп (“Береке” шағынауданында 1200, “Орман” шағынауданында 600 орын), 420 орындық екі балабақша (“Береке” шағынауданында 140, “Жас өркен” шағынауданында 280 орын), 488 орындық екі жатақхана (қызмет көрсету колледжіне 244 орын, спорт интернатына 244 орын), М.Қозыбаев атындағы СҚУ-да 1200 орындық екі жатақхана, Тайынша ауданында 720 оқушыға лайықталған екі мектеп (Тайынша қаласында 600, Вишневка ауылында 120 орындық) пайдалануға беріледі.

Денсаулық сақтау саласында да жаңа нысандар пайдалануға беріледі. Бір ауысымда 500 адам қабылдайтын екі емхана (“Береке”

шағынауданында 250, “Жас өркен” шағынауданында 250 орындық), “Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту” бағдарламасы аясында аудандарда жеті медициналық объект (Жамбыл ауданында – 1, Ғабит Мүсірепов атындағы ауданда – 2, Мағжан Жұмабаев ауданында – 2, Қызылжар ауданында – 2), Айыртау ауданында бір ауысымда 30 адамды қабылдайтын дәрігерлік амбулатория, Уәлиханов ауданында 250 науқасқа шақталған емхана тұрғызылады.

Спорт саласын дамытуда да бірнеше жоба жүзеге асырылады. Облыс орталығындағы “Береке” шағынауданында дене шынықтыру-сауықтыру кешені, Жамбыл, Айыртау, Есіл және Ғабит Мүсірепов атындағы аудандарда төрт дене шынықтыру-сауықтыру кешені, Айыртау және Тайынша аудандарында екі жабық хоккей корты, Уәлиханов ауданында жаттығу залы бар жабық жүзу бассейні бой көтереді.

Алдағы уақытта Петропавлда ислам мәдениеті музейі іске қосылады.

Жасыратыны жоқ, әлеуметтік желілерде жұртшылық жол сапасына жиі шағымданады. Сондықтан еліміздің транзиттік әлеуетін арттыруда,

көлік-тасымал торабында экономикамыздың күретамыры іспеттес сапалы жол байланысы қашанда маңызды. Мемлекет басшысы 2025 жылға таман еліміздегі жергілікті жолдардың кемінде 95 пайызын жақсарту жөнінде нақты тапсырма берген болатын. 2022 жылы 859 шақырым жол қалпына келтіріліп, 31,1 млрд. теңге игерілді. Республикалық маңызға ие 196 шақырым жолды орташа жөндеуге 9,4 млрд. теңге, 663 шақырым жергілікті және ауылшілік жолдарға 21,7 млрд. теңге жұмсалды. Қалыпты жағдайдағы жолдар көрсеткіші 78 пайызға дейін жеткізілді.

Биыл облыс жолдарын жақсартуға 34 млрд. теңге қарастырылған. Жөнделетін жолдардың ұзындығы 650 шақырым, 110 шақырымы – республикалық (9,8 млрд. т.), 480 шақырымы – жергілікті (18,3 млрд. т.), 60 шақырымы – кентішілік (1,4 млрд. т.). Петропавл қаласындағы жолдарды жөндеуге 5 млрд. теңге бөлінген. Жалпы жолдардың 84 пайыздайының сапалық көрсеткіші жақсарады. Жол активтерінің ұлттық сапа орталығымен жасасқан шарт бойынша сараптама және техникалық қадағалау қызметтері жұмыс істейді. Мердігер ұйымдарға талаптар барынша күшейтіледі.

Президент еліміздің газ саласын дамытуға қатысты өткен кеңесте Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарын газдандыру жайлы айта келіп, “кемінде екі тәсіл бар: “Сарыарқа” магистральді газ құбырын жалғастыру немесе Ресей газ тасымалдау жүйесіне қосылу. Үкімет өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп, жақын арада таңдау жасауға тиіс”, – деген тапсырма жүктеген еді. Өңірді газдандыру “Сарыарқа” газ құбыры құрылысының III кезеңі аясында көзделген. Қазақстан Республикасын газдандырудың бас сызбасына сәйкес “Сарыарқа” газ құбырын Петропавл қаласына дейін салудың жоспарланған мерзімі – 2025-2026 жылдар.

Ауылдарды таза ауызсумен қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар да аса ауқымды. Бүгінгі таңда 415 ауыл (65,3 пайыз) орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген, оларда тұратын халықтың саны 236,5 мың адам немесе ауыл тұрғындарының 85 пайызына жуық. 41,7 мың адам тұратын 220 ауыл (34,7 пайыз) бұл жүйеге қосылмаған. Облыс тұрғындарының (қалаларды қосқанда) сапалы ауызсумен қамтамасыз етілу көрсеткіші – 92,2 пайыз. Былтыр сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға 8,9 млрд. теңге бағытталды. Нәтижесінде 240 шақырым желі салынды және қайта жаңартылды. Бұл жұмыстар тұрғындар саны 33,5 мың адам болатын 55 елді мекенде атқарылды. 2 мыңға жуық үйге су тартылды. 9 ауыл сапалы ауызсуға қол жеткізді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша ауызсуға қолжетімділік 84,6 пайыз болды.

2023 жылы сумен жабдықтауға және су бұруға 16,2 млрд. теңге тарту көзделген. 22,8 мың адам тұратын 36 ауыл қамтылып, 250 шақырым желі жаңғыртылады. 1 мыңға жуық үй су жүйесімен жабдықталады. Тұтастай алғанда, жыл аяғына дейін ауыл тұрғындарының орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізу көрсеткіші 87,9 пайызды құрайтын болады.

**Сәтжан АБЛАЛИЕВ,**  
облыс әкімінің орынбасары.

## «ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ» ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАНУДА



«AMANAT» партиясы ауыл тұрғындарының қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында Halyk Bank-пен бірге «Қарызсыз қоғам» жобасын іске қосты.

Жобаның негізгі мақсаты – жеке тұлғалар арасында проблемалық берешегі бар адамдардың қаржылық сауатын арттыру. Оқу биыл 2 мамырда басталып жыл соңына дейін жалғасады.

Қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру бойынша тегін курс «AMANAT» партиясының аудандық филиалдарында төмендегі талаптар бойынша өтеді:

- бір топтың оқу мерзімі – 5 күн
- бір топтағы қатысушылардың саны – 30-50 адам
- бір айда оқитын топтардың саны – 3

Оқу бағдарламасы азаматтардың мынадай санаттарына арналған:

1. несие бойынша қарыздары бар және борышкерлер тізіміндегі адамдар
2. дәл қазіргі уақытта несиесі бар, бірақ мерзімі өтіп кеткен берешектері жоқ адамдар
3. жеңілдікпен несие алып, мемлекеттік бағдарламалар бойынша қаржыландырылатын ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер.

Жоба аясында ауылдық елді мекендердің 80 мыңға жуық тұрғынын қамту жоспарлануда.

Жобаға қатысушылар

- өз қаражатын тиімді басқаруды және шығынды оңтайландыруды үйренеді.

- Олар қаржыға қатысты мәселелер қалай пайда болатынын

- несиелік қарыздар санын азайтудың қандай жолдары барын,

- алаяқтық әрекеттерді қалай анықтау қажет екенін білетін болады.

Оқуға өтінімдер «AMANAT» партиясының аудандық филиалдарында қабылданады. Байланыс телефоны: 871536 22047.

## ТЕМІРЖОЛДА ӨЗІН-ӨЗІ ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТҮСІНДІРІЛДІ

Тайынша станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің қызметкерлері тұрақты негізінде пойыз жолаушылармен, ересек тұрғындар мен балалармен алдын – алу шараларын жүргізіп тұрады.

Сонымен, ағымдағы жылдың 17-19 сәуір аралығында Тайынша станциясындағы ЖПБ бастығы полиция капитаны Д.Қ.Әміржанов, Көкшетау станциясындағы Желілік полиция бөлімі әкімшілік полиция бөлімшесінің құқық бұзушылықтың алдын алу тобының инспекторы аға инспекторы полиция майоры Т.С.Байзақова, ЖПБ ӘПБ қызмет инспекторы полиция капитаны Е.М.Малғаждаров бірлесіп «Тайынша қаласының № 1,2,3,4,5 орта мектебі» КММ 5,6 сынып оқушыларға және Тайынша қаласының агробизнес колледжіне дәріс оқыды, дәріс барысында оқушылардың назарына теміржол маңында өзін – өзі ұстау ережелері, «Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың алдын алу әдісі ретінде, кәмелетке толмағандардың бейтаныс адамдармен мінез-құлық ережелері», «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексінің 442 бабы 2 бөлігі бойынша түңгі мезгілде заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз үйден тыс жерде сағат 23-00 - ден 06-00 - ге дейін жүруге болмайтыны туралы жеткізілді және буклеттер таратылды. Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға толық жауап берілді. Кездесу соңында ұстаздар мен оқушыларға «Темір жол - аса қауіпті аймақ» атты бейнеролик көрсетілді.

Тайынша ст. ЖПБ

# МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРДЫҢ ОРТАДАҒЫ МҮМКІНДІГІН ШЕКТЕМЕЙ, ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ДЕ, АДАМЗАТТЫҢ ДА ПАРЫЗЫ

Ғимараттарда пандус, дыбыс құрылғылары орнатылмаса, айыппұл көлемі жауапты тұлғалардың мәртебесіне қарай 172 500 теңгеден 1 380 000 теңгеге дейін барады. Қазақстанда 705 мыңнан астам ерекше қажеттіліктері бар адам тұрады. Солардың 421,5 мыңын немесе 59,8 пайызын – еңбекке қабілетті жастағылар, 181,9 мыңын немесе 25,8 пайызын – зейнеткерлер, 101,6 мыңын немесе 14,4 пайызын 18 жасқа дейінгі балалар құрайды. Ал, оларды әлеуметтік тұрғыда қолдау, дербес өмір салтын сақтауына жағдай жасау, кедергісіз орта қалыптастыру – мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі. Мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамдағы өмір сүру мүмкіндігін шектемей, оларға қолжетімді орта құру жөніндегі тәжірибесінде білгіңіз келсе, сараптамамызға назар салыңыз.

## ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК КАРТАСЫ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті мәліметінше, бүгінде «Мүгедек адамдарды әлеуметтік қорғау» (inva.gov.kz) ақпараттық порталындағы қолжетімділіктің интерактивті картасында республика бойынша 35 мыңнан астам инфрақұрылым және әлеуметтік нысандардың ерекше қажеттіліктері бар адамдарға бейімделгені жөнінде мәліметтер жарияланған. Бұл көрсеткіш бойынша көп басында Алматы қаласы, ал көп соңында Ұлытау облысы тұр. Алғашқысында 4 140, соңғысында 364 нысан мүмкіндігі шектеулі жандардың қажеттілігін өтейді. Әрине, бұл жерде мүгедектігі бар адамдар санын да ескермек болмайды «Бұл нысандар үш қолжетімділік санатына бөлінеді. Олар: қолжетімді, жартылай қолжетімді және қолжетімді емес. Есту, көру, тірек-қимыл аппаратының бұзылуы мен мүгедектер арбасына таңылған жандар үшін қолжетімділік ескеріледі».

«2025 жылға дейінгі кезеңде басымдық берілетін 22 мың нысан анықталды. Олардың ішінде мемлекеттік мекемелер, халыққа қызмет көрсету орталықтары, денсаулық сақтау мекемелері мен емханалар, білім беру ұйымдары, мәдениет, спорт жалпы әлеуметтік көлік инфрақұрылымы сияқты жерлер бар. Байқап отырғандарыңыздай, аталған нысандар халық жиі бас сұғатын орталықтар болып табылады. Бұл тізім «Аманат» партиясының 2019 жылғы сайлауалды бағдарламасында көрсетілген «Өзгеріс жолы: баршаға лайықты өмір» бағытын негізге ала отырып құрастырылған», – дейді.

Сайлауалды бағдарлама бойынша жыл сайын 4 400 нысанда ерекше қажеттілігі бар жандар үшін жайлы орта жасақталуы тиіс. Әр аймақта осы бағыттағы жұмыстың жүйелі жүргізілуіне облыс әкімдері жауапты болса, атқарылған жұмыс сапасын бақылау үшін қоғамдық бақылау топтарының жұмысы да күшейтілгенін атап өткен орынды.

## ЖЕТІ БАҒЫТТАН ТҰРАТЫН ҰЛТТЫҚ ЖОСПАР

Осы аталған бағыттағы жұмыстарды тиімді ұйымдастыру аясында Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспары қабылданған. Ол жеті бағытты қамтиды. Сондай-ақ, 64 іс-шараны жүзеге асыру көзделген. Осы негізде атқарылған жұмыстың бірі – мүмкіндігі шектеулі жандарға сайлау құқығын пайдалану үшін жағдай жасау. Бұл бойынша 2019 жылы министрлік Орталық сайлау комиссиясымен бірлесіп отырып, ұтымды шешім шығарған. Аталған қызмет ҚР кодексіне сәйкес кәсіби бақылау нысанында, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері негізінде жүргізіледі. «Бұл жерде негізгі талап мүгедектердің қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Ең алдымен баспалдақ, пандус, есік сияқты негізгі қажеттіліктердің мүгедек жандардың мүмкіндігін шектемеуін қамтамасыз ету керек. Қазіргі таңда көпшілік жиі жүгінетін мекемелерде ғана емес, автотұрақ, аялдама, автобус, сауда орталықтары мен базар сияқты нысандарда да мүгедектерге қолайлы орта қалыптастыру мәселесі назарға алынып келеді», – дейді комитет төрағасының орынбасары. Анықтамалық, касса сияқты қызмет көрсету орталықтарында да қолжетімділікті қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Ерекше жандардың мәдениет ошақтарынан тыс қалмауы, спортпен еркін шұғылдана алуы да басты назарда. Осы мақсатта мүгедектердің мәдени, ойын-сауық орталықтарына барып, іс-шараларға қатысуы мен спортпен шұғылдануы үшін спорт ғимараттары арнайы құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жұмыстары жүзеге асырылуда.

## ЗАҢДЫ БҰЗҒАНДАР ҚАНДАЙ ЖАЗА АРҚАЛАЙДЫ?

Комитет төрағасының орынбасары әкімшілік жауапкершілікті қадағалау тәртібі арнайы құқық бұзушылық туралы кодекспен реттелетінін мәлімдейді. Ол бойынша әлеуметтік және көлік инфрақұрылымына, мәдениет ошақтарында қолжетімділік қамтамасыз етілмеген жағдайда, лауазымды тұлғаларға 50 АЕК негізінде, шағын кәсіп иелері мен коммерциялық емес ұйымдарға 120 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне 200 АЕК, ірі кәсіп иелеріне 400 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Бұл ретте айыппұл көлемі жауапты тұлғалардың мәртебесіне қарай 172 500 теңгеден 1 380 000 теңгеге дейін барады. Егер әкімшілік жазадан сабақ алмай, құқық бұзушылық оқиғасы бір жыл ішінде қайталанатын болса, айыппұл көлемі бастапқыдан көп көлемде тағайындалады. Нақтылар болсақ,

лауазымды тұлғаларға 80, шағын кәсіп иелеріне 150, орта кәсіпкерлік субъектілеріне 250, ірі кәсіп иелеріне 600 АЕК-ті құрайды. Теңгеге шақсақ, айыппұл көлемі 276 000 теңгеден 2 070 000 теңгеге дейін артады. Мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуметтік ортада және қоғамда мүмкіндігінің шектелмеуін тиісті тұлғалар ұдайы бақылауда ұстайды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпаратынша, 2022 жылдың 9 айлық қорытындысы бойынша департамент мамандары 805 тексеру жұмыстарын жүргізген. Оның 507-сі жоспарлы тексеріс болса, қалғаны жоспардан тыс және тосыннан ұйымдастырылған. Нәтижесінде «тәртіпке бағынбаған» тұлғаларға жалпы сомасы 10,9 млн теңгеге саятын 106 әкімшілік айыппұл салынған. Нәтижелерге сүйенсек, бұл тұстағы құқық бұзушылықтардың басым көпшілігі пандустың мүлде жоқ болуы немесе талапқа сәйкес болмауы, шақыру түймесінің жоқтығымен сипатталады. Сондай-ақ, 2020 жылы осы бағытта 970 нысанға тексеріс жүргізіліп, оның 860-ы қолжетімді орта қалыптастыруға бағытталған. Нәтижесінде 699 бақылау субъектісіне анықталған құқық бұзушылықтарды жою жөнінде ұйғарым берілген. Көрсетілген есепті негізге ала отырып, Мемлекет басшысы нысандардың қолжетімділігіне қатысты қазіргі жағдайды «аса көңіл қуантарлықтай емес» деп бағамдайды. «Біз мүгедек жандарға қолайлы орта құруда жасалуы керек шаруалардың түгел атқарылмағаны үшін әкімшілік жауапкершілікті енгіздік».

## ТАСЫМАЛ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ СЫН КӨТЕРЕ МЕ?

Көлік тасымалы саласында мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сапасын жақсарту бағытында қандай жұмыстар атқарылып жатқанына да тоқталып.

«Көлік саласында қолданылып келе жатқан ережелерге біршама толықтырулар мен түзетулер енгізілді. Солардың бірі – теміржол вокзалдары мен әуежайларда кедергісіз орта құру мәселесі. Сондай-ақ, пойыздарды арнайы мүгедектерге қолжетімді вагондармен жабдықтау да күн тәртібінде. Көлік қызметкерлерін мүгедектерге қызмет көрсетуге дағдыландырып, оның ішінде ымдау тілін үйренуін қамтамасыз ету маңызды. Әуежай, вокзал, әлеуметтік-мәдени объектілер мен алаңдарда, кез келген көшеде мүгедектерге арналған арнайы әрі тегін көлік тұрағының болуы да қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі жандарға үлкен қолдау болып табылады».

## ОНЛАЙН КАРТАНЫҢ ОҢТАЙЛЫ ТҰСЫ КӨП

Әрине, 705 мыңнан астам ерекше қажеттілігі бар жандар үшін қолжетімді ортаны қалыптастыру жолында азаматтық қоғам да өзінің жауапкершілігін сезінеді. Айталық, 2019 жылдың қаңтарынан бастап елімізде «Қолжетімді Қазақстан» онлайн картасы енгізілді. Қажеттілікті дер кезінде қамтамасыз етіп, нақты ақпарат беретін онлайн картаның мүмкіндігі шектеулі жандар үшін оңтайлы тұсы көп. Интерактивті карта кез келген ғимараттың мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қаншалықты ыңғайлы екенін көрсетіп береді. Яғни, онда пандус дұрыс орналасқан ба, дыбыс құрылғылары жұмыс жасайды ма немесе мүгедектер арбасына арналған жол бар ма екенін анықтауға болады. Онлайн картаны қолдану барысында үш түрлі түс арқылы ғимараттың мүгедек адам үшін қаншалықты қолайлы екені анықталады. Жасыл түс объектінің толық қолжетімділігін білдірсе, сары түс жартылай қолайлылықтан хабар береді. Ал, қызыл түс жанған ғимаратқа бас сұғу – мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қауіпті.

Онлайн картаның мүмкіндігі шектеулі жандар үшін пайдасы орасан. Ол арқылы ерекше қажеттілігі бар адамдар өз күнін оңтайлы жоспарлап, қауіптің алдын ала алады. Бұл туралы «Қоғамдағы ерекше жандарға кедергісіз орта қажет» дейді «Қолжетімді Қазақстан» жобасының авторы Александра Шаронова.

doskaz.kz картасы көбінесе «Мүгедек адамдарды әлеуметтік қорғау» ақпараттық порталдарына балама ретінде ұсынылады. Алайда, жоба авторының пікірінше, мемлекеттік және азаматтық карталарды қатар қойып қарастыру орынсыз. Себебі, алғашқысы мемлекеттік мекемелерді көрсетсе, азаматтық карталар адамдардың күнделікті қажеттілігін өтейтін орындар туралы ақпараттарды ұсынады. «Қолжетімді Қазақстан» картасы еліміз бойынша көбіне сары яки қызыл түсті белгі беретінін де айта кеткеніміз жөн. Бұл дегеніміз, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қоғамдық орындардың көпшілігі жартылай қолайлы немесе мүлде қолжетімсіз екенін білдіреді.

Иә, қоғамда түрлі жағдай, түрлі тағдыр бар. Кімнің қандай сынақты бастан өткізіп, кімнің алдында не күтіп тұрғаны бір Аллаға ғана аян. Тағдыр талқысына түсіп яки туа бітті мүмкіндігі шектеулі жандар бар. Ондай ерекше қажеттілікте өмір сүретін жандардың өмірге деген құштарлығы дені сау адамнан әлдеқайда күштірек. Себебі, олар денсаулықтың, емін-еркін өмір сүрудің қадір-қасиетіне қаныққан. «Адамның күні адаммен» деген және бар. Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі жандардың ортадағы мүмкіндігін шектемей, қолдау көрсету – мемлекеттің де, адамзаттың да парызы.

Аружан МҰХАНБЕТҚАЛИ.

# «КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК – ОРТАҚ МІНДЕТ»



«Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы» конвенциясына сәйкес «Мүгедектігі бар адамдарға тәуелсіз өмір салтын жүргізу және өмірдің барлық аспектілеріне жан-жақты қатысу мүмкіндігін беру үшін қатысушы мемлекеттер мүгедектердің басқалармен тең дәрежеде табиғи айналасына, көлікке, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен жүйелерді қоса алғандағы ақпарат пен байланысқа, сондай-ақ қалалық және ауылдық аудандарда халық үшін ашық немесе ұсынылатын басқа да объектілер мен көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдайды».

«AMANAT» партиясының қазақстандықтардың, оның ішінде мүгедектігі бар адамдардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған «Өзгерістер жолы: әркімге лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Аманат» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында 2025 жылға дейін барлығы 1294 нысанды бейімдеу жоспарланған, оның ішінде 2021 жылы - 258 нысан, 2022 жылы - 258 нысан (516), 2023 жылы-258 (774), 2024 жылы-228 (1002), 2025 жылы-292 нысан (1294).

Жол картасының іс-шараларын іске асыру үшін облысымызда мониторинг топтары құрылды. Мониторинг топтарымен 2021-2022 жылдары облысымыздың 516 объектісі тексерілді, оларға анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар беріліп, бүгінгі күні осы 516 объектінің 388-і толығымен бейімделген.

«Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ-нің негізгі міндеттерінің бірі Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және «Арнайы әлеуметтік көмек көрсетулер туралы» Заңдарының сақталуына бақылау жүргізу болып табылады. Осы саладағы тексерістер объектілерге бару арқылы профилактикалық бақылау немесе жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша жоспардан тыс тексеріс жүргізу арқылы өткізіледі.

Ескерте кету қажет, аталған мониторинг топтарымен берілген ұсыныстар орындалмаған жағдайда, яғни бұзушылықтар орындалмаса жергілікті атқарушы органдары департаментке тексеріс ашу үшін арнайы хат жазу арқылы жүгінеді.

Департамент мамандары келіп түскен өтініштерге сәйкес бұзушылықтарды орындамаған объектілерге қатысты жоспардан тыс тексеріс жүргізеді, нәтижесінде Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 83-бабы бойынша әкімшілік шаралар қабылдайды. Кодекстің 83-бабы бойынша мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасын бұзу, яғни мүгедектердің әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне қол жеткізуін қамтамасыз етпеу және мәдени ойын-сауық іс-шараларына қол жеткізуі үшін жағдайларды қамтамасыз етпеу түрінде жасалған бұзушылық; лауазымды адамдарға – елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Әрбір мемлекеттік ұйым немесе кәсіпкерлік субъектілері өздерінің қызметтерін жүзеге асыру барысында осы күрделі мәселе – мүгедектігі бар тұлғаларға объектілердің қолжетімділігін ескеріп отырса, яғни толығымен жағдай жасалса, онда біздің облысымызда келешекте «кедергісіз орта» толығымен қалыптасады.

Габдуллина Гауһар Лесбекқызы,  
Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Солтүстік  
Қазақстан облысы бойынша департаментінің бөлім  
басшысы.



Бетті дайындаған: Жанаргүл Мұратқызы.

# Балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау

Қазақстанда балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау – республикалық бюджеттің және ата-аналардың жұмыспен қамтылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры ( бұдан әрі-МӘСҚ) қаражаты есебінен кешенді түрде көрсетіледі.

Бүгінгі таңда бала туылған кезде ата-аналардың бірі, еңбек қызметін жүзеге асыруына қарамастан, республикалық бюджеттен бала тууына байланысты тағайындалатын мемлекеттік жәрдемақы алады, оның мөлшері бірінші, екінші, үшінші балаға –38 айлық есептік көрсеткішті ( бұдан әрі-АЕК), ал төртінші және одан да көп балаға - 63 АЕК-ті құрайды.

Сонымен қатар, жұмыс істемейтін аналар республикалық бюджеттен бала күтімі бойынша ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алады, оның мөлшері туылған баланың туу кезектілігіне байланысты болады.

Жұмыс істейтін аналарға бала күтімі бойынша төлемдер Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жәрдемақы мөлшерінен 10% зейнетақы жарналарын ұстай отыра, соңғы 2 жылдағы орташа айлық кірісті ескере отырып тағайындалады.

Сондай-ақ, МӘСҚ-дан (жұмыс істейтін) бала күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемдерді алушылар үшін мемлекеттік қолдау нысаны – жәрдемақы алушылардың пайдасына ай сайын бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау көзделген.

Міндетті зейнетақы жарналарының ай сайынғы бюджеттік субсидиясының мөлшері әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген орташа айлық табыс мөлшерінен есептелген міндетті зейнетақы жарналарының сомасы мен Қордан бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнен ұсталатын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

2023 жылғы қаңтардан бастап мемлекеттік деңгейде балалы отбасыларға әлеуметтік қолдауды жақсартатын отбасылардың жекелеген санаттарын қолдаудың қолданыстағы шараларын күшейтуге бағытталған бірқатар жаңашылдықтар енгізілді.

Ана мен баланы әлеуметтік қолдау деңгейін арттыру үшін 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап МӘСҚ-дан бала күтімі бойынша жәрдемақы және бала күтімі бойынша әлеуметтік төлем тағайындау кезеңі бір жастан бір жарым жасқа дейін ұлғайтылды.

Көпбалалы отбасыларды қолдау мақсатында

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап төрт және одан да көп бірге тұратын кәмететке толмаған балалары бар көпбалалы отбасыларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы енгізілді.

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік жәрдемақы отбасының табысына қарамастан, бірге тұратын төрт және одан көп кәмететке толмаған баласы, оның ішінде кәмететтік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) тағайындалады.

Мемлекеттік жәрдемақының мөлшері балалар санына қарай сараланған және айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгеруін ескере отырып төленеді.

Сондай-ақ, туған, асырап алған, сондай-ақ қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алған балалары бар отбасылардың мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар.

Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы мөлшері - 1,4 ең төменгі күнкөріс деңгейін құрайды.

Сондай-ақ, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалады. Көп балалы анаға берілетін жәрдемақы мөлшері – 6,40 АЕК.

Мемлекеттік органдарда цифрлық технологияларды дамыту және мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау процесін сәтті автоматтандыру олардың сапасы мен халық үшін қолжетімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік қызметтер көрсету процесін оңтайландыруға мүмкіндік берді.

Сонымен, электрондық қызметтер белсенді дамып келеді. Мысалы, бала тууға және бір жарым жасқа дейінгі бала күтіміне жәрдемақы тағайындау үшін egov.kz порталы арқылы немесе екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы (Haluk. bank және Kaspi.kz) жүгінуге болады.

Жалпы, Қазақстанда отбасын, ана мен баланы мемлекеттік қолдау әлеуметтік қамсыздандырудың басты басымдықтарының бірі болып табылады.

**Гүлбақыт Манабаева**  
Еңбек және әлеуметтік қорғау Комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары.


## 2023 жылғы мамырда аудандық мәслихаттың төрағасымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды қабылдау кестесі

№ р/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні мен орны
1	Ерлан Сапарбекұлы Алпысов, облыстық мәслихаттың депутаты, «Алабота ГСК» ЖШС-нің басшысы	3 мамыр «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
2	Бауыржан Иманбайұлы Тасмағанбетов, аудандық мәслихаттың депутаты, «Агрофирма Эксимнан» ЖШС-нің директоры	4 мамыр «Агрофирма Эксимнан» ЖШС кеңсесі, Петровка а.
3	Айгүл Бағдатқызы Әбдірахманова, аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	5 мамыр Мироновка а/о әкімдігі
4	Сәрсенбай Муратұлы Бекшенов, аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының төрағасы	10 мамыр Большезиом а/о әкімдігі
5	Людмила Николаевна Журавлёва, аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-нің директоры	12 мамыр Теңдық а/о әкімдігі
6	Анатолий Францевич Сарницкий, аудандық мәслихаттың депутаты, «Gsk-Taynsha Astyk» ЖШС-нің директоры	16 мамыр Яснополян а/о әкімдігі
7	Юрий Васильевич Красногоровый, аудандық мәслихаттың депутаты, «Зелёные Луга» ЖШС-нің директоры	18 мамыр Краснополян а/о әкімдігі
8	Николай Викторович Брайченко, аудандық мәслихаттың депутаты	19 мамыр Чкалов а/о әкімдігі
9	Төрехан Ермаханұлы Алмасбаев, аудандық мәслихаттың депутаты, «Тиолайн» ЖШС директорының орынбасары	22 мамыр Келлер а/о әкімдігі
10	Алмас Жолдасұлы Нұрахмет, аудандық мәслихаттың депутаты, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Тайынша аудандық филиалының директоры	25 мамыр «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
11	Динара Мәлікқызы Рсаева, аудандық мәслихаттың депутаты, «Алабота орта мектебі» КММ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	26 мамыр Амандық а/о әкімдігі
12	Гүлдана Серікқызы Көпірбаева, аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша көп бейінді ауданаралық ауруханасының учаскелік терапевт дәрігері	29 мамыр Донецк а/о әкімдігі
13	Данил Викторович Долгалев, аудандық мәслихаттың депутаты, «Обуховский ГОК» ЖШС-нің директоры	31 мамыр Драгомиров а/о әкімдігі

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00.-ден 13.00.-ге дейін.

Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат – 23 4 85, 23 0 72.

## БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ



Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті білім беруді қаржыландыру саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізетіні туралы хабарлайды.

Талдаудың басталуына Республика бойынша соңғы 3 жылда білім беру саласында тіркелген 300-ден астам жемқорлық құқық бұзушылық негіз болды, оның 5-і Солтүстік Қазақстан облысына тиесілі.

Атап айтқанда, Талдықорған қаласының білім бөлімінің бас бухгалтерінің жақында ұсталуы үлкен қоғамдық резонанс тудырды, одан басым бөлігі шетел валютасына аударылған 1 млрд.теңге сомасында ақшалай қаражат және 21 жылжымайтын мүлік объектісіне құжаттар тәркіленді.

Осыған байланысты өңірдің белсенді азаматтарын талданатын саладағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін себептер мен жағдайлар туралы мәліметтерді, сондай-ақ талдау объектісінің қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды ұсыну арқылы талдау жүргізуге қатысуға шақырамыз.

Облыс тұрғындары ақпаратты «Талдау» белгісімен upd.sko@antikor.gov.kz электрондық мекенжайына жолдай алады, ол сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін пайдаланылатын болады.

**СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің баспасөз қызметі.**

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ «Жер қатынастары саласында мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі Қағидаларды бекіту туралы» ҚР АШМ.

2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығына сәйкес ұсынылатын «Жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін анықтау» мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат береді.

Қызмет облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының кеңсесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) арқылы күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде қағаз нысанда тегін көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі: 1) жер учаскесінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін анықтауға өтініш; 2) жер учаскесінің бөлінетін бөліктерінің және қолданыстағы құрылыстардың мөлшерін көрсете отырып, жер учаскесін бөлу схемасы; 3) жер учаскесіне сәйкестендіру құжатының көшірмесі. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін анықтау туралы хат немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер: 1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің сәйкес келмеуі, «Жер учаскелерінің бөлінетіндігін және бөлінбейтіндігін анықтау» мемлекеттік қызмет көрсету Қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Тайынша қ. Қазақстан Конституциясы к., 206 мекенжайы бойынша: «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары» КММ қосымша кеңесті алуға болады немесе

22-6-97 телефонны арқылы, сонымен қатар, ozo-tsh.sko.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде қосымша кеңесті алуға болады.

Жұмыс кестесі: дүйсенбіден бастап жұмаға дейін (қоса) 9.00 – ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін.

## «АХАТ ЭЛЕКТРОНДЫҚ МҰРАҒАТЫ»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсанда № 827 қаулысымен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты-тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізу, экономика мен ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін цифрлық экожүйені прогрессивті дамыту.

Қазіргі уақытта қағаз форматтан электрондық форматқа көшірілген акт жазбаларындағы мәліметтерді түзету бойынша жұмыстар жүргізілуде, осыған байланысты азаматтардың дербес деректерінде дұрыс емес мәліметтер көрсетілуі мүмкін. 2018 жылдың маусым айынан бастап азаматтар өздерінің дербес деректерін тексеру үшін 2008 жылға дейін тіркелген мұрағаттық акт жазбаларына қол жеткізе алады. Мұрағат жазбаларында қателіктердің жоқтығын жеті жағдай бойынша тексеруге болады: туу, қайтыс болу, некеге тұру, некені бұзу, бала асырап алу, әке болуды анықтау, аты-жөнін өзгерту.

Өздерінің жеке деректерің тексерудің бір жолы – «Электрондық үкімет» порталы, онда азаматтар «жеке кабинетте» өздерінің жеке деректерін де, балаларын да тексере алады.

«Электрондық үкімет» порталы арқылы «жеке кабинетте» (АХАЖ АЖ мәліметтерін өзектендіру бойынша сервис) өз бетінше өтінім беру. Қате мәліметтерді түзету үшін құжаттардың сканерленген көшірмелерін eGov.kz портал арқылы жіберу жеткілікті. Қызмет көрсету мерзімі 1 жұмыс күнін құрайды, қызмет тегін көрсетіледі.

Бұл жұмыс тұрақты негізде жүргізілетін болады. Сонымен қатар, азаматтар деректерді қағаздан электрондық форматқа көшіру процесінде жіберілген қате мәліметтер ғана түзетуге жататынына назар аударуы керек. Қағаз актілік жазбаларда, азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктердегі қателер заңнамада белгіленген тәртіппен түзетілуге жатады.

**А.Ж. ШӘРІПОВА,**  
азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің бас инспекторы.

# МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – МАҢЫЗДЫ ІС

25 сәуір күні Тайынша агробизнес колледжінде 9 және 11 сынып оқушыларына арналған «Ашық есік күні» өтті. Бұл іс-шараға аудан бойынша мектептердің 9-11 сынып оқушылары мен ұстаздары қатысты.



«Ашық есік» күнін ұйымдастырудың негізгі мақсаты – Тайынша агробизнес колледжіне талапкерлерді оқуға шақыру. Жиын барысында колледж оқытушылары болашақ талапкерлерге колледж тарихымен, мамандықтармен, оқу-материалдық базасымен таныстырып, колледжге түсу тәртібін, оқу жүйесін және колледжде білім алудың тиімділігі жайлы толық ақпарат берді және колледждің 1-3 курсына оқып жүрген студенттер оқушыларға өздерінің мамандықтары, студенттік өмірді және қоғамдық өмірге белсене араласатыны жайлы айтып, оқушыларды өздері білім алып жатқан колледжге оқуға келуге кеңес берді. Оқушылар колледждегі мамандықтар бойынша толық ақпарат алып, сонымен қатар колледж туралы бейнебаян көрді.

Салтанатты шараны колледж директоры Д.Е.Тәшетов бастап берді. Мамандық таңдау – маңызды іс екенін айта келіп, білім мекемесінің басшысы колледжде оқытылатын мамандықтар жөнінде және оқу орны ұсынатын бағдарламалар туралы кеңінен мәлімет берді. Сонымен қатар, колледж түлектерінің бүгінгі таңда түрлі жұмыс орындарында абыройлы еңбек атқарып жүргендерін мақтанышпен атап айтты.

Оқушылар қызыққан мамандықтары жайында сұрақтар қойып, кеңірек ақпарат алды. Іс-шараға

аудандық Білім беру бөлімінің басшысы Г.С.Игібаева, мектеп директорлары, колледждің әлеуметтік серіктестері Ж.М.Қазбекова, Тайынша ауданы кәсіпкерлер палатасы филиалының директоры, аудандық мәслихат депутаты А.Ж.Нұрахмет, «Жастар ресурстық орталығы» КММ директорының м. а. Е.В.Ковалевская және өткен жылдардағы колледж түлектері қатысты.

Іс-шарада мамандықтардың шеберлік сыныптары мен кәсіби сынақтар, көрме экспозицияларымен танысу жүзеге асырылып, 2023 жылы оқуға түсу шарттары түсіндірілді. Оқушылардың назарына «Ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу», «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану», «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандықтарының оқу кабинеттері, шеберханалары мен зертханалары ұсынылды.

Айта кетейік, Тайынша агробизнес колледжі 2023-2024 оқу жылына негізгі орта және жалпы орта білім базасында «Тамақтануды ұйымдастыру», «Ауыл шаруашылығын механикаландыру», «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандықтары бойынша 9 және 11 - сынып оқушыларын оқуға қабылдайды.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы



## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Тайынша агробизнес колледжі» КММ біліктілік бойынша 1 ай мен 3 ай аралығында қысқа мерзімді курстық дайындыққа қабылдауды хабарлайды

1. «Аспаз»
2. «В» санатындағы жүргізуші
3. «А, В, Г» санатындағы ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинисі»
4. «Кең профильді құрылысшы – шебер».

Хабарласу тел. 23097.

## САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

Тайынша ауданының тұрғыны Берікұлы Болат (Болатик) кенеттен бұл пәниден, бақилыққа аттанғанына қырық күннің жүзі болды. Артында аңырап анасы, туған туыстары қалды. Аман қанша тағдырдың жазғанына шыдаймызда да, жылаймыз. Жатқан жері жайлі, топырағы торқа, иман байлығын берсін. Біздің отбасы үшін Болат аса қымбатты жанның бірі еді. Жайдары мінезі, өзіне жарасымды жымыған күлкісі көз алдымызда. Әрқашан сағынышпен еске аламыз. Оның жарқын бейнесі мәңгілік есте қалады.

*Көре алмай тіршіліктің көп қызығын  
Тата алмай шаттық өмір тәттілігін  
Тізгінін кішіліктің ұстап жүрген  
Анаңның еркесі едің, серкесі едің  
Әттең-ай, ерте сөнді -ау, от - ғұмырың.  
40 күн болды, жалын жүрек тоқтағалы,  
40 күн болды, Болатымыз деп, - жоқтағалы  
Алайда күлімдеген нұрлы бейнең  
Көңілдерде мәңгілік сақталады...*

Сағынышпен еске алушылар: **Есимовтар әулеті, ағасы Мұрат, жеңгесі Ботагөз.**

## ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Өңірлерді байланыстыратын күре жолдың да, ауыл-ауылға қатынайтын қара жолдың да жанға жайлы болғаны қандай жақсы. «Жол азабын жүрген біледі» дегендей, Тайынша ауданындағы шешімін күткен күрделі мәселелердің бірегейі автокөлік жолдарының жайы болатын.

Жауынды-шашынды күндері, көктем мен күз мезгілінде жүргіншілер лай-батпаққа батып, әбден әуре-сарсаңға салынса, жаз айларында сапасы сын көтермейтін жолдан шығатын шаңнан құдды бір тұманның арасында жүргендей күй кешуші еді. Бұндайда көлік тізгінін ұстаған жүргізушілердің шегетін азабымен қоса, темір тұлпарларының да сұрқы қашатын. Жүргізушілер диттеген жеріне зорға жеткенімен, темір тұлпарының қосалқы бөлшектері сыр беріп, жөндеуден өткізуге тура келетінін жиі естіп келдік. Бұл қалтаға салмақ салатыны да жасырын емес. Ал, елді мекендерді бір-бірімен байланыстырып, қыж-қыж қайнаған тынымсыз тіршілікке өшпес нәр беріп жатқан күре жолдардың қадір-қасиетін оның бейнетін тартып жүрген тұрғындардан артық ешкім біле қоймас. Оның үстіне жолдың сапасы адам төзгісіз болса, шоқырақ аттың үстінде келе жатқандай жайсыз күй кешетініңіз айтпаса да белгілі. Кедір-бұдыры мол сапасыз жолдар көңілге қаяу әкелетін. Әсіресе, аудан орталығындағы ойдым жолдың салдарынан жолаушылардың зардап шеккені ешкімге құпия емес. Осыған дейін халықтың жанайқайына айналған, жөндеу көрмегеніне 10-20 жылға жуықтаған осынау жол мәселесі қаншама мақалаға арқау болып, дәл осы жолдың айналасында айтылар әңгіме де аз болмады. Осыған қарап-ақ, жол шын мәнінде өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі екенін аңғаруға болады. Өркениетті елдердің барыс-келіс пен алыс-берісте жол қатынасына айрықша назар аударатыны да сондықтан болар.

Ал, бүгінде көпшіліктің қабырғасына аяздай батқан аудандағы осы бір түйткілдің түйіні біртіндеп шешіле бастаған сыңайлы. Солардың бірі, бірі емес-ау бірегейі - Бірлік ауылының жанындағы көпір болатын. Қазіргі таңда сол ауылдың маңына ерекше көрік беріп тұрған заманауи көпірге қарасаң, ерекше бір сезімге бөленесің. Шынымен де сол жолдан өткен қаншама халық, жылдар бойы бейнет көріп еді... Жолдарды қалпына келтіру және оны күрделі жөндеуден өткізу аса өзекті мәселе. Шұғыл түрде жөндеуді талап етіп келген аудан жолдарының жағдайы бүгінгі күні едәуір жақсарып қалған. Күрмеуі келіспеген осынау өзекті мәселені шешу үшін осыдан екі жыл бұрын қарқынды жұмыстар басталып кеткен болатын. Соның ішінде, біз мысалға келтірген ауданның ішкі жолдарын жөндеу жұмыстары да қолға алынды, ауылдардың көркі ажарлана түскен.Бәрі де ойдағыдай болады, деп үміттенейік,ағайын!

 **Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы**

## Жаратқан бір Алаһтың атымен бастаймын! Барлықтарыңызға Аллаһтың нұры жаусын!

Міне көптен асыға күткен, айлардың сұлтаны қасиетті Рамазан айы да өз мәресіне жетті. Ораза ұстаған әр бір мұсылмандарға Алланың Рахметі, пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) шапағаты болсын! Барлықтарыңыздың осы қасиетті Рамазан айында жасаған құлшылықтарыңызды, игі амалдарыңызды, берген пітір, зекет-садақаларыңызды, ұстаған оразаларыңызды, ауыз ашарларыңызды, оқыған құлшылық ғибадаттарыңызды, намаздарыңызды Алла Тағалам қабыл етіп еселенген сәуаптарды нәсіп етсін!

Алла Тағала егемендігімізді мәңгілік етіп, елімізге амандық, татулық пен достық, жетістік пен ауызбіршілік, шаттық пен қуаныш, көк аспанымызды ашық етсін. Барша мұсылмандардың осы айда тілеген дұға тілек, армандары орындалуын нәсіп ете көр!

Елімізде әр бір мұсылман адам аузы берік жандарға сауабын алайын деп халқымыздың біртұтастығын, татулығын паш етіп ауыз ашарлар беріліп ізгі істер атқарылды. Сондай іс шара 14.04.2023 жылы Тайынша қаласында Тайынша ауданының әкімшілігі Әлжанов Берік Ақылжанұлының ұйымдастыруымен аудан тұрғындарына ауызашар берілді. Бұл іс шараға Чкалов ауылдық округінен 4 адам қатысты. Осындай ізгі істер Чкалов ауылдық округінде де жалғасын тапты. Мемлекеттік мекемелердің ішінен ауызашар берген: «Агрофирма Эксимнан» ЖШС директоры Тасмағанбетов Бауыржан Иманбайұлы; «Alabota QCK» ЖШС басшысы Алпысов Ерлан Сапарбекұлы; Чкалов ауылдық округінің әкімшілігі Садуақасов Сәкен Төкенұлы; Чкалов ауылдық полиция бөлімшесі Досмұханов Аслан Оразбекұлы. Осы қасиетті айда, ораза ұстағандарға ауыз ашар жасаған мекеме басшыларына және ұжымына Алланың разылығы мен пайғамбарымыздың шапағаты болсын, жанұяларына амандық істеріне берекет, еңбектеріңнің жемісін көріп, екі өмірдің жақсылығы мен бақытына бөленіп, Алла Тағала келесі жылғы Рамазан айына аман есен жетуімізге нәсіп етсін! Әумин!

**А.Е. Бекмағамбетов,  
Чкалов ауылы, «Қожағұл Махмет қажы»  
мешітінің имамы.**



Биыл Тайынша ауданында жолдардың орташа жөндеу жұмыстары мен төрт елді мекен ішіндегі жолдардың орташа жөндеуін аяқтау жоспарланып отыр. Атап айтқанда, КТТА-97 «Краснокиевка - Октябрьское» 2 км 0-15,5, мердігер SOTIS-Group ЖШС; КТТА-316 «Тайынша-Кантемировское-Котовское» 0-13,4 км, ұзындығы 13,4 км, мердігер «Көкшетау жолдары» ЖШС; КТТА-317 «Ясная Поляна – Тихоокан-Шұңқыркөл–Көкшетау-Омбы автожолы» 0-34,21 км, ұзындығы 34,21 км, мердігер «Көкшетау жолдары» ЖШС; КТТА-69 «Келлеровка-Южное» 2,61-19,0, ұзындығы 16,39 км, мердігер «Қызылжар жолдары КЗ» ЖШС.

Биыл екі жол бойынша жөндеу жұмыстары аяқталмауы мүмкін, бұл Виноградовка-Ясная Поляна-Кирово аралығындағы 45 шақырымға дейінгі жол. Мердігер компания «Көкшетау жолдары» ЖШС болып табылады. Бүгінгі таңда шартты бұзу туралы сот процесі жүріп жатыр. Ал «Виноградовка – Ясная Поляна – Кирово» 45-53 шақырымында жүзеге асырылып жатқан жұмысты SOTIS Group ЖШС жүргізеді, алайда жобаға түзету енгізу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар 2023 жылы жалпы сомасы 480 млн теңгеге Краснокаменка, Петровка, Чермошнянка және Теңдік ауылдарындағы, сондай-ақ Абай ауылдық округінің Қарағаш ауылындағы елді мекен ішіндегі жолдарында орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарда бар.

**Жанаргүл Қожабекова, тілші.**

## МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ

«Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті» ММ-сінде (бұдан әрі - Департамент) Н.П. Борзилов 2023 жылғы 20 сәуірде СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет инспекторы С. Н. Зайцеваның қатысуымен Департамент қызметкерлерімен: «Мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет» тақырыбында кеңес өткізілді.

Кеңеске қатысушылардың алдында СҚО бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет инспекторы Зайцева Светлана Николаевна баяндама жасап, Солтүстік Қазақстан облысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жолын кесу бойынша жүргізіліп жатқан профилактикалық іс-шаралар туралы айтты.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясына ерекше назар аударылды, оның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру біздің еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «нөлдік» төзімділік атмосферасын құру арқылы қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту болып табылады.

Департамент қызметкерлеріне тұрақты негізде ұсынылды:

- қызметтік міндеттерін тиімді орындау үшін кәсіби деңгей мен біліктілікті арттыру.

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен

бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) талаптарын және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын мүлтіксіз сақтауға міндетті. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) және әрбір мемлекеттік қызметші басшылыққа алуға тиіс әдеп жөніндегі уәкіл туралы ереже бекітілді.

Егер бұрын мемлекеттік қызметші өз жұмысында мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс Кодексіне және қызметтік әдеп ведомстволық ережелеріне сүйенген болса, енді бекітілген Әдеп кодексі Мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттарының бірыңғай жиынтығын қамтыды.

Мемлекеттік қызметшілер қоғам алдында мемлекеттің бет-бейнесі болып табылатындықтан, бұл кодекс, ең алдымен, қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға бағытталған, кодексте мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлықтың жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық стандарттары, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық, сондай-ақ көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеу тикелей айқындалған.

**«Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті».**

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -  
Бас редактор  
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 135. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.